

6B01503 – ХИМИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БАКАЛАВРЫ ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ

Дамыған дүниетанымы мен парасаты бар жоғары білікті жеке тұлғаны, химия саласында теориялық және практикалық білімі бар, қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, озық, толерантты маман даярлау

Түлек атрибуттары:

- Кәсіби білім және оқу саласын түсіну;
- Эмоциялық интеллект;
- Жаһандық сын-қатерлерге бейімделу;
- Көшбасшылық;
- Кәсіпкерлік сана;
- Жаһандық азаматтық;
- Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну.

Бакалавр бағдарламасын меңгерген түлек кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келетін құзыреттерге ие болуы тиіс:

Пәндік білім: өзінің пәндік саласын терең және толық түсінігін меңгерген, кәсіби қызметте білімді қолданады.

Ұйымдастыру-әдістемелік қабілеті: кәсіби қызметті жоспарлауда, ұйымдастыруда және басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді мәселелерді шешуде сыни ойлау мен креативтілік танытады.

Зерттеу дағдылары: ғылыми-әдістемелік жұмысты жүргізеді, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына тартады.

Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдылар: командада жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.

Мәдени құзыреттілік: өз елінің мәдени және толерантты азаматы болуға қабілетті.

Өмір бойы оқуға қабілеті: қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес өз қабілеттері мен мүдделерін үйлестіреді.

Ақпараттық дағдылар: ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметте АКТ қолданады.